

**ҚР Энергетика министрлігінің
Отын-энергетикалық кешен мәселелері жөніндегі
қоғамдық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

2026 жылғы 16 маусым
сағ.16:00

Өткізу форматы: күндізгі/«Zoom» арқылы

Төрағалық еткен: Қоғамдық кеңес төрағасының міндетін атқарушы
Н.С. Жұмат

Қатысқандар: ҚР Энергетика вице-министрі Қ.С. Тұтқышбаев, Қоғамдық кеңестің мүшелері (тізім бойынша), Мұнай тасымалдау және өңдеу департаменті директорының орынбасары Т.Е. Мақуов, Газ өнеркәсібі департаменті директорының орынбасары А.Ә. Хамидуллин, Газ өнеркәсібі департаменті директорының орынбасары Қ. Сатымов, «Energy Monitor» ҚҚ директоры Н.А. Жұмағұлов, «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ-ның Мұнай дайындау және өңдеу жөніндегі жобалар басқармасының басшысы Д.Ж. Мұсаев, «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ-ның Мұнай дайындау және өңдеу жөніндегі жобалар басқармасының бас маманы Д.Ж. Паримбеков, «Қазмұнайгаз-Аэро» ЖШС-ның бас директоры И.Т. Шамсутдинов, «Қазмұнайгаз-Аэро» ЖШС-ның Бизнесті дамыту бөлімінің бастығы Т.А. Шекимов, «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ-ның Техникалық даму басқармасының бас маманы А. Сатыбалдин, «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ-ның Мұнай-химия және перспективалық жобалар бөлімінің бас маманы А.Типан, «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Күрделі құрылыс департаментінің директоры Ш.С. Жолаев, «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Жобаларды техникалық сүйемелдеу және мониторинг департаментінің директоры С.Н. Агишев.

1. МӨЗ-ді жаңғырту және ГӨЗ салу

(Ж.Ә. Жанқалов)

1.1. ҚР Энергетика вице-министрі Қ.С. Тұтқышбаевтың ақпараты назарға алынсын;

1.2. ҚР Энергетика министрлігі Мұнай тасымалдау және өңдеу департаменті директорының орынбасары Т.Е. Мақуовтың ақпараты назарға алынсын;

1.3. Қайта өңделетін мұнайдың жоғары күкіртті және өндіріс шығарылымымен байланысты болатын жоғары тәуекелдің болуына байланысты жаңа МӨЗ құрылысы үшін дұрыс локация таңдаудың маңыздылығы атап өтілсін;

1.4. ҚР Энергетика министрлігіне жұмыс істеп тұрған және жоспарланатын ірі МӨЗ-де қиындықтар пайда болған жағдайда қайта сақтандыру құралы ретінде шағын-МӨЗ-ді қарастыру ұсынылсын;

1.5. ҚР Энергетика министрлігіне «Қарашығанақ жер қойнауында өндірісі жылына 5 млрд м3 болатын газды кешенді дайындау зауытының құрылысы» жобасы шеңберінде тауар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтің Қазақстандық қамту мәселесін пысықтау ұсынылсын.

2. СМГ және отынды сақтау инфрақұрылымы

(Ж.Ә. Жанқалов)

2.1. ҚР Энергетика вице-министрі Қ.С. Тұтқышбаевтың ақпараты назарға алынсын;

2.2. ҚР Энергетика министрлігі Мұнай тасымалдау және өңдеу департаменті директорының орынбасары Т.Е. Макуовтың ақпараты назарға алынсын;

2.3. Қыс айларында тұтынудың төмендеуіне байланысты сұйытылған көмірсутектегі газ тауарларының іркілуі жиі байқалатыны атап өтілсін. Сонымен бірге ірі МӨЗ-дегі сұйытылған көмірсутектегі газ сақтау паркінің орташа есеппен қоры 3-4 тәулікті құрайды (АМӨЗ орташа есеппен тәулігіне 600 тоннаға жуық өндіреді, сондықтан 2 160 тоннада сақтау паркі орташа өндірісі шамамен 3-4 тәулікке сәйкес келеді). Сұйытылған көмірсутекті газ сақтау паркінің шектеулілігінен ірі МӨЗ-дерде өндірісті төмен болдырмау мақсатында ірі МӨЗ-дерде сұйытылған көмірсутекті газ сақтау паркін 8-10 тәулікке ұзарту мүмкіндігі қаралсын.

2.4. ҚР Энергетика министрлігіне 18,4 млн тоннадан баста 30 млн тоннаға дейін жоспарланған мұнайдың жиынтық қайта өңдеу өсіміне байланысты шамамен 500 мың тонна болатын ЖЖМ-ның қосымша көлемін сақтауды ұйымдастыру мәселесі бойынша жұмысты жалғастыру ұсынылсын.

3. Jet A-1 және SAF өндірісі

(Н.С. Жұмат)

3.1. ҚР Энергетика вице-министрі Қ.С. Тұтқышбаевтың ақпараты назарға алынсын;

3.2. ҚР Энергетика министрлігі Мұнай тасымалдау және өңдеу департаменті директорының орынбасары Т.Е. Макуовтың ақпараты назарға алынсын;

3.3. ҚР Энергетика министрлігіне Қоғамдық кеңес мүшелерін Көлік министрлігі, Азаматтық авиация комитеті және әуежай өкідерінің қатысуымен

өтетін авиаотын өндірісін дамыту мәселесі жөніндегі кеңестерге шақыру мүмкіндігін қарастыру ұсынылсын.

**Қоғамдық кеңес төрағасының
міндетін атқарушы**



Н. Жұмат

**Қоғамдық кеңестің
хатшысы**



Г. Кенжебай